**«Түркістан Индустриалды-құрылыс колледжі» МКҚК**

**Сыбайлас жемқорлық тәукелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерін алдын ала жария талқылау мақсатында өткізілген жиын хаттамасы**

**Шымкент қаласы** **18.06.2024 жыл**

**Қатысқандар саны -15**

**Күн тәртібінде:**

1.Сыбайлас жемқорлық тәкеледерріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерімен таныстыру. Жұмыс тобының жетекшісі С.Каратаев

2.Сыбайлас жемқорлық тәукелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша жазылып жатқан талдамалық анықтаманы талдау. Жиын мүшелері

3.Түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша жұмыс тобының жетекшісі С.Каратаев « Ішкі талдау барысы және нәтижелері» туралы есепті назарға алуды сұрады.2022 жылғы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8 бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақтсан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы №21 бұйрығына сәйкес №13 колледжі МКҚК-на сыбайлас жемқорлық тәукелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында жұмыс тобы мен іс-шара жоспары бекітілгенін,сыбайлас жемқорлық тәукелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес қамтылғанын, іс-шара жоспары мен ішкі талдау жүргізу кезеңі 2024 жылдың мамыр айының 17 мен маусым айының 28 күндері аралығы етіп бекітілгенін хабарлады. Ішкі талдау төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылды.

1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәукелдеріне шалдыққан лауазымдар тізбесін айқындау;
2. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
3. Білім беру қызметінің жұмысы;

Қамтылған бағыттар бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстармен таныстырды.

Екінші мәселе бойынша – Қамқоршылық кеңес төрағасы М.К.Ахметов өз сөзінде талдамалық анықтамамен танысып шыққанын, ішінде орын алған тәукелдерді жою және жемқорлыққа жол бермеу үшін мекеме басшысы ашық әрі жария жұмыс жасау қажет екендігін ескертті, сонымен қатар жұмыс тобының атқарып жатқан жұмысын қанағаттанарлық деп тапты. Осы мәселе бойынша сөзге қосылған директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Шайхыбекова - өз сөзінде «Сыбайлас жемқорлық тәукелдерін жою жөніндегі ұсынымдар тиімді - жемқорлықтың алдын алу үшін күресуіміз керек. Өзіміздің кейінгі ұрпақты сыбайлас жемқорлықтың аман алып қалып, болашаққа жемқорлықсыз жарқын өмір сыйлауымыз керек. Адал еңбек қана берекелі. Адал ризық-несібе ғана адамды жақсылық пен бақытты болшаққа жетелейді»-деп айтып өтті.

Топ мүшелеріне «Егер Сіздер тексеру барысында қандай бір жемқорлық фактісін анықтасаңыздар не істейсіздер? Бірден құзырлы мекемелерге хабарлама жасайсыздарма? Деп сұрақ қойды. Бұл сұраққа колледж заңгері С.Каратев жауап берді: «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жасалған талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің бірінші басшысына қарауға ұсынылды, тиісті ұсынымдар жасалады; мысалы: құқық актілерді немесе ішкі құжаттарды әзірлеу және

қабылдау, оларға сыбайлас жемқорлық факторларын жоюға бағытталған өзгерістер енгізілді, лауазымды тұлғалардың өкілеттіктері нақтыланды, обьектінің қызметіне бақылау жасалды. Сонымен қатар, құзіретті мемлекеттік органдар тарапынан шаралар қабылдауды көздеген жағдайда оларға тиісті хаттар жіберіледі, бірлескен іс-шаралар өткізу ұсынылады.

Сыбайлас жемқорлық тәукелдеріне жүгізіліп жатқан ішкі талдау жиынына келген мамандар, колледжде жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстарының барсымен, талдамалық анықтамамен жан-жақты танысты, жұмыс топ мүшелерінің жұмысы жақсы деп табылсын.

**Қаулы:**

1.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстары жүйелі әрі үздіксіз жүргізілсін. Орындалуы колледждің комплаенс-офицері С.Каратевқа жүктелсін.
2.Ұжым арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары сапалы түрде жүзеге асырылсын. Орындалуы Кәсіподақ ұйымының төрағасы Б.Изтилеуоваға жүктелсін.
3.Ұжымның ішінде Қазақстан Республикасының Заңнамаларымен таныстыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін. Орындалуын қадағалау заңгер С.Каратевқа жүктелсін.
4.Жиналыстың барысы туралы мәлімет колледждің сайтына және әлеуметтік желідегі парақшаларға жариялансын.

**Жиналыс төрағасы** **С.Шайхыбекова**

**Хатшы:** **С.Каратев**